

**Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі  
министрлігі Мемлекеттік материалдық резервтер комитетінің мемлекеттік  
материалдық резервтің материалдық құндылықтарын шығару ( жаңарту  
және броньнан шығару тәртібімен) жөніндегі тендерлік комиссия  
отырысының  
ХАТТАМАСЫ**

Астана қаласы  
Янушкевич көшесі, 2

12.03.2018  
сағ.10:57

**Тендерлік комиссия құрамы:** С.К. Сабырбаева – Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер комитеті (бұдан әрі – ММРК) төрағасының орынбасары, тендерлік комиссияның төрағасы;

**Комиссия мүшелері:** Б. Ә. Орынбеков – ММРК төрағасының орынбасары, тендерлік комиссия төрағасының орынбасары; Б.Қ. Ахметов – ММРК Жұмылдыру резервін есепке алу және бақылау басқармасының басшысы, Д.Н. Дүйсекенова - ММРК Заң басқармасының басшысы, М.Ж. Әжіғұлова - ММРК Экономика және қаржы басқармасының басшысы, М.Н. Рахаев - ММРК Мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыру және шығару басқармасының басшысы, Н.М. Иманбаев - ММРК Мемлекеттік резервті есепке алу және бақылау басқармасының басшысы, А.С. Бекенов - ММРК «Резерв» РМК Бас директоры, Д.Е. Абуева – ММРК Мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыру және шығару басқармасының сарапшысы, тендерлік комиссиясының хатшысы.

**Күн тәртібі:**

1. Мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын мемлекеттік сату бойынша жасалған шартқа сәйкес мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтардың көлемін азайту.

2. Мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының тізбесіндегі №30-38, №39-49, №237-267, №268-322, №410, №411-448, №636, №637, №638, №639 лоттар бойынша кесімді бағасын Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 17 қазандағы № 1108 қаулысымен бекітілген Жаңарту және броньнан шығару тәртібімен мемлекеттік материалдық резервтен материалдық құндылықтарды шығару қағидаларының 41,42-тармақтарына сәйкес кезең-кезеңімен 10 % төмендету (бұдан әрі – Қағидалар).

2018  
РА  


Тендерлік комиссия күн тәртібі бойынша сұрақтарды қарастырып, нәтижесінде ашық дауыс беру арқылы **ШЕШТІ:**

1. Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның 39-бабы 3-тармағының 8-тармақшасына сәйкес мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарына 2018 жылғы 1 наурыздағы №39, 2018 жылғы 23 ақпандағы №63 және 2018 жылғы 7 наурыздағы №68 мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалуына байланысты тендерлік комиссия келесі лоттардың көлемін азайту:

- № 29 лоты «жоғары сұрыпты бидай ұны» 750 кг.;
- № 322 лоты «күріш жармасы» 1400 кг.;
- № 355 лоты «қарақұмық жармасы» 675 кг.;
- № 323 лоты «қарақұмық жармасы» 300 кг.;
- № 424 лоты «тұз» 300 кг.;
- № 462 лоты «10-12 л. шелек» 20 дана;
- № 519 лоты «ас үй шәйнегі» 6 дана.

Осы шешімге:

тендерлік комиссияның 8 мүшесі - «қолдаймын»;

тендерлік комиссияның 0 мүшесі - «қарсымын» деп дауыс берді.

2. Қағидалардың 41,42-тармақтарына сәйкес №30-38, №39-49, №237-267, №268-322, №410, №411-448, №636, №637, №638, №639 лоттар бойынша материалдық құндылықтардың кесімді бағасы 10 % төмендетілсін.

Осы аталған шешімге:

тендерлік комиссияның 8 мүшесі - «қолдаймын»,

тендерлік комиссияның 0 мүшесі - «қарсымын» деп дауыс берді.

2018 жылғы 12 наурыздағы өзгерістерді есепке ала отырып 2018 жылы жаңарту және броннан шығару тәртібімен шығаруға жататын мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының тізбесі тендер ұйымдастырушының ғаламтор-қорында ([www.kgmr.gov.kz](http://www.kgmr.gov.kz)) жариялансын.

Тендерлік комиссия отырысында бейне жазба жүргізілді (қоса берілді).

Тендерлік комиссия отырысы 2018 жылғы 12 наурызда сағат 11.33-те аяқталды деп есептелсін.

*Handwritten signatures and initials:*  
D1, [Signature], [Signature], [Signature], [Signature]

Қосымша:

1. 2018 жылғы 12 наурыздағы өзгерістерді есепке ала отырып 2018 жылы жаңарту және броньнан шығару тәртібімен шығаруға жататын мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының тізбесі, \_\_\_\_\_ парақта.

**Комиссия төрағасы:**

Сабырбаева С.К.



**Комиссия мүшелері:**

Орынбеков Б.Ә.



Ахметов Б. Қ.



Дүйсекенова Д.Н.




Рахаев М.Н.



Әжіғұлова М.Ж.



Иманбаев Н.М.



Бекенов А.С. .

**Комиссия хатшысы:**

Абуева Д.Е.

